

## ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МЕН МӘУЛАНА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ СОПЫЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРҒА ТАЛДАУ

Batyrzhan TEMIRKHANOV\*

Meirbek SAMBET\*\*

Meirbol MUTALIYEV\*\*\*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауи мен Мәулана Жәләл әд-Дин Руми шығармашылығындағы сопылық дүниетаным ғылыми тұрғыда талданады. Зерттеуде екі ойшылдың еңбектерінің ислам өркениетінде сопылық философияны қалыптастырудағы орны айқындалады. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» түркілік ортада сопылық ойдың таралуына ықпал еткені көрсетіледі. Мәулананың «Мәснәуи» және «Диуани Кәбир» еңбектері арқылы сопылық ілім жаңа деңгейге көтерілгені дәлелденеді. Екі тұлғаның дүниетанымы адам мен Жаратушы арасындағы махаббат, рухани тазару және кемелдікке жету идеяларымен сипатталады. Авторлар қоғамдағы татулық пен бірліктің сопылық ілім арқылы нығаятынын баяндайды. Жеке тұлғаның рухани дамуы әлеуметтік тұрақтылықпен үнемі байланысты екендігі шығармаларда айтылады. Ясауи ілімі тіл, мәдениет және география ұстанымдарына негізделген өркениеттік бағдар ретінде қарастырылады. Мәулананың философиясында махаббат метафизикасы және рухани жетекшілік әдісі ерекше орын алады. Мақалада екі ойшылдың сопылық көзқарастарының өзара сабақтастығы салыстырмалы талдау негізінде ашылады. Сонымен бірге олардың пайғамбарлық жолды рухани кемелдік үлгісі ретінде қабылдағаны атап өтіледі. Қожа Ахмет Ясауи мен Мәулананың еңбектері әдебиет, музыка,

---

Araştırma Makalesi / Künye: Temirhanov, B., Sambet, M. & Mutaliyev, M. “Қожа Ахмет Ясауи Мен Мәулана Шығармашылығындағы Сопылық Көзқарастарға Талдау”. *Türkoloji*, 125 (Mart 2026), s. 153-180.

\*Dr., Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, e-mail: temirkhanov.batyrzhan@hbv.edu.tr, ORCID: 0000-0001-7419-0335

\*\*Doktora Öğrencisi, Marmara Üniversitesi, e-mail: meirbek.sambet@ayu.edu.kz, ORCID: 0009-0006-1362-8894

\*\*\*Dr., Abai Kazak Ulusal Pedagogik Üniversitesi, e-mail: meirbols9293@gmail.com, ORCID: 0000-0002-5022-5799

мәдениет және әлеуметтік ой тарихымен байланыста қарастырылған. Түркілік дәстүрдің Анадолы сопылық мектебіне ықпалы сарапталды. Мақалада сопылық тәжірибелердің әлеуметтік қарым-қатынастарға тигізген ықпалы да көрсетіледі. Қорытындысында Ясауи мен Мәулананың сопылық мұралары бүкіл мұсылмандық кеңістікте маңызды рухани бағдар болғаны түйінделеді.

**Түйін сөздер:** Қожа Ахмет Ясауи, Мәулана, Сопылық, Дүниетаным, Рухани Даму

## AN ANALYSIS OF SUFI PERSPECTIVES IN THE WORKS OF KHOJA AHMAD YASAWI AND MAWLANA

**Abstract:** This article provides a scholarly analysis of the Sufi worldview in the works of Khoja Ahmad Yasawi and Jalal al-Din Rumi. The study highlights the role of both thinkers in shaping Sufi philosophy within Islamic civilization. Khoja Ahmad Yasawi's *Divani Hikmet* is shown to have influenced the spread of Sufi thought in the Turkic milieu, while Rumi's *Masnawi* and *Divan-i Kabir* elevated Sufi teachings to a new level. The worldviews of both figures are characterized by the ideas of love between man and the Creator, spiritual purification, and the attainment of perfection. The authors argue that Sufi doctrine strengthens social harmony and unity, and that individual spiritual growth is directly linked to social stability. Yasawi's teaching is examined as a civilizational model grounded in language, culture, and geography, whereas Rumi's philosophy emphasizes the metaphysics of love and the method of spiritual guidance. The comparative analysis reveals the interrelation of their Sufi perspectives, underscoring their shared acceptance of the prophetic path as a model of spiritual perfection. The works of Yasawi and Rumi are also considered in connection with literature, music, culture, and the history of social thought. The influence of Turkic tradition on the Anatolian school of Sufism is discussed, along with the impact of Sufi practices on social relations. The article concludes that the Sufi heritage of Yasawi and Rumi has served as a significant spiritual reference point across the entire Muslim world.

**Keywords:** Khoja Ahmad Yasawi, Rumi, Sufism, Worldview, Spiritual development

## **Кіріспе**

Қожа Ахмет Ясауи мен Мәулана Жәләл әд-Дин Руми шығармашылығы ислам өркениетінде сопылық ойдың ең терең арналарын қалыптастырған рухани ілімдер қатарына жатады. Екі ойшылдың еңбектері адамзаттың рухани дамуына ықпал етіп, исламдық дүниетанымдағы сопылық философияның өріс алуына ерекше әсер етті. Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикмет» еңбегі арқылы түркілік ортада сопылық ілімді кең таратса, Мәулана «Мәснәуи» мен «Фиһи ма фиһ» шығармалары арқылы сопылық ойды жаңа биікке көтерді.

Қазіргі кезеңде рухани құндылықтардың қоғамдағы рөлі қайта қарастырылып отырған жағдайда Ясауи мен Мәулана ілімдерін зерттеу арқылы сопылық дүниетанымның мәнін тереңірек ашудың өзектілігі артуда. Екі ойшылдың еңбектері адам мен Жаратушы арасындағы махаббат, рухани тазару және кемелдікке ұмтылу идеяларын басты рухани өзек ретінде ұсынады. Бұл ұстанымдар жеке тұлғаның ішкі әлемін тәрбиелеумен қатар, қоғамның тұтастығын нығайтуға ықпал етеді. Рухани кемелденген адам әділдікке, мейірімге, жауапкершілікке бейім болады, ал мұндай қасиеттер әлеуметтік қарым-қатынастарды үйлесімді арнаға бағыттайды. Ясауи мен Мәулана ілімдерінде адамның өзін-өзі тануы мен рухани жетілуі қоғамдық татулықтың, бірліктің және тұрақтылықтың негізі ретінде қарастырылады. Сондықтан олардың көзқарастары тек жеке адамның рухани дамуына ғана емес, сонымен бірге тұтас қоғамның мәдени-әлеуметтік өркендеуіне қызмет ететін құндылықтық бағдарлар болмақ.

## **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Бұл зерттеуде салыстырмалы-талдау, тарихи-салыстырмалы және мәтіндік интерпретация әдістері қолданылды. Қожа Ахмет Ясауи мен Мәулананың шығармалары сопылық философия тұрғысынан салыстырылып, олардың дүниетанымдық негіздері мен рухани ілімдері жүйелі түрде талданды. Сонымен қатар деректемелік әдіс арқылы «Диуани хикмет» пен «Мәснәуи» мәтіндеріндегі негізгі ұстанымдар анықталып, мәдени-әлеуметтік ықпалы зерттелді. Сопылық көзқарастардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау үшін герменевтикалық тәсілдер пайдаланылды.

## **Талдау және нәтижелер**

Қожа Ахмет Ясауи мен Мәулана арасындағы себеп-салдарлық байланыс тек тылсым ілімдер мен амалдар аясында ғана емес, түркілік ойлау тарихының іргетасы ретінде қабылданған ой әлемінің шыңына

жеткен екі ойшылдың шығармашылығы негізінде де талданады. Әдіснама тұрғысынан Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» және Мәулананың «Диуани кәбир» шығармалары арасында қалыптасқан бұл байланыс ауызша жеткізу дәстүрі мен жазбаша сопылық әдебиетінің қиылысқан нүктесі ретінде қабылданады.

Қожа Ахмет Ясауидің түркі тайпаларына ықпалы тек мистикалық іліммен шектелмей, әдебиет пен мәдениет саласында да айқын көрініс тапты. Бұл жағдай Фуад Көпрүлү атап көрсеткен «сопылық ақын» ұғымына толық сәйкес келеді. Қожа Ахмет Ясауи мен Мәулана шығармашылығында байқалатын рухани үндестік олардың сопылық көшбасшы болуымен қатар, ақындық болмысының да маңызды екенін айғақтайды. Осы тұрғыдан алғанда, Ясауи мен Мәулананың сопылық ілімін тек рухани жетекшілік қызметімен шектеу жеткіліксіз; оларды әдебиет, музыка және зікір тәжірибелері арқылы да қарастыру қажет. Екі рухани ұстаздың осы көпқырлы тұлғалық сипаттары олардың ілімдерінің ықпалын күшейтіп, қалыптасқан сопылық мектептердің ғасырлар бойы түркі дүниесінің мәдениеті мен дәстүрінде айрықша орын алуына мүмкіндік берді (Köprülü, 2014, 336-б.).

Сопылық ілімді тек діни-философиялық жүйе ретінде ғана емес, сонымен бірге әдебиет, музыка, өнер, мәдениет және әлеуметтік ой тарихымен байланыста қарастыруға болады. Мұндай көзқарас Қожа Ахмет Ясауи мен Мәуланаға дейінгі дәуірден бастау алады. Ол кезеңде түркілік ортада ғаламның үйлесімі, таным космологиясы және рухани тәжірибелер өзара сабақтас қарастырылып, сопылық дүниетанымның қалыптасуына негіз болды. Сол дәуірде түркілік ортада таным космологиясы, ғаламның үйлесімді құрылымы мен тасаууф ілімі арасындағы байланыс айқын байқалған. Осы қатынас шеңберінде исламдық ілімдер мен түркілік дүниетанымның өзара ықпалы көрініс тапты, ал ғұламалар мен ойшылдар махаббат пен ғашықтықты рухани кемелденудің өзегі ретінде сипаттады.

Мәулананың Анадолыға келуімен қалыптасқан және ғасырлар бойы жалғасқан мәуләуи ілімі Ясыдан бастау алған рухани оттың жалғасы болып саналады. Қожа Ахмет Ясауиден Мәуланаға дейін үзілмей жеткен бұл махаббат нұры түріктердің Анадолыға орнығуымен бірге бұл аймақты ілім мен ирфанның орталығына айналдырды. 1071 жылғы Малазгирт жеңісінен кейін Орта Азиядан келген түркілер рухани көшбасшылықтың жаңа дәуірін бастады. Бұл үдерісте Хасан Харагани сынды алғашқы дәруіштерді атап өткен орынды, себебі олар Анадолыны рухани тұрғыдан даярлаған тұлғалар болды. Әскери жаулап алулардан бұрын даналық пен хикмет иелері қоныстанып,

кейіннен Хорасаннан келген әулиелер мен дәруіштер арқылы бұл аймақ сопылық дәстүрмен нығайды. Осындай рухани мұраның нәтижесінде Анадолы Мәулана сынды ұлы ойшылдарды тәрбиелеп, жаңа жерлерді ашу кезеңінен бастап-ақ «даналықтың отанына» айналды (Kemikli, 2018, 32-б.).

Қожа Ахмет Ясауидің түркі тарихындағы маңызы оның тек сопылық өлеңдер жазған ақын болғанында емес, түркілер арасында ислам діні тарай бастаған дәуірде жүйелі сопылық дәстүр құрып, осы дәстүрді жалғастыра білгендігінде. Қажет болған таухид сенімі Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімін құруда Орта Азия түркілерінің күйзеліске ұшыраған кезеңдерінде алдыңғы орынға шықты деп айтуға болады. Қожа Ахмет Ясауидің тарихқа қатысты тұтас көзқарасы исламды құрметтеген түркі халықтарының еркін әрі қауіпсіз ортада өзіндік сопылық дәстүр қалыптастыруына үлкен әсер етті..

Қожа Ахмет Ясауидің өзі өмір сүрген кезең мен болашаққа қатысты тұтас көзқарасы оның өркениеттік мақсаттарды көздегенін көрсетеді. Бұл өркениет құру идеясының жүзеге асуында Ясауидің сопылық ілімін үш басты тұғырнамаға негіздегені байқалады. Олар – тіл, география және мәдениет. Дәл осы ұстанымдар аясында ол Хазіреті Пайғамбарымыздың өнегесін өз ілімінің негізіне алып, сопылық жолды дамытты. Ясауидің ілімінде «үш байланыс» Алла – Әлем – Адам қатынасы (Махаббат арқылы) басты маңызға ие болып, Пайғамбарды сопылық жолдың өзегіне айналдырып, сүннетті үлгі ретінде орнықтырды. Ясауи жолының дәруіштері де осы жүйе арқылы Пайғамбарға деген сүйіспеншілікті күшейтуге талпынды. Нәтижесінде Қожа Ахмет Ясауи тілде де, дінде де, мәдениетте де Пайғамбарымыздың көркем мінезін үлгі етіп, оны сопылық тәжірибенің басты құндылығы ретінде ұсынды (Nacaklı & Canbay, 2017, 66-б.).

Қожа Ахмет Ясауидің бұл өркениетті құрудағы ең маңызды құралы сол кезеңдегі барлық түркі тайпаларына ортақ болған түрік тілі екенін көруге болады. Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімін айқындайтын басты ерекшеліктерінің бірі – сол дәуірдегі сопылық әдебиетте басым болған араб, парсы тілдерінен гөрі түркі тілін қолдануы оның осы үш ұстанымының алғашқысын қалай қалыптастырғанын көрсетіп отыр. Ясауи өз өлеңдерін түркі тілінде, негізінен төрттік буындық өлшем арқылы, ал кейбірін қосарлы және аруз өлшемімен жазды. Бұл шығармалар «хикмет» деп аталды. Аталған хикметтерді Ясауи дәруіштері хатқа түсіріп, кейіннен «Диуани хикмет» жинағына енгізді. Ахмет Ясауидің сопылық дүниетанымының негізін

бейнелейтін осы еңбек оның тіл, география және мәдениетке негізделген концептуализациясының ерекшелігін айқын көрсетеді. Негізінде, Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімі жайлы профессор Фуад Көпрүлү былайша сипаттайды: «*Диуани Хикметтің «Құтадғу білік» пен «Атабәт әл-хақайық» үйреткен сопылық ахлақ(мінез-құлық) арасында нақты байланыс пен ұқсастық жоқ. Қожа Ахмет Ясауи өзінен бұрын жазылған «Құтадғу біліктің» ешбір әсеріне ұшырамаған»* (Көргүлү, 2014, 93-б.).

Қожа Ахмет Ясауидің түркі тілін қолдана отырып даналық пен мистикалық дәстүрді қалыптастыруы түркі мәдени кеңістігінде сопылық ілімді қабылдап, дамытуға кең өріс ашты (Kozha, Abzhalov & Temirkhanov, 2025, 59-б.). «Диуани хикметтің» ғасырлар бойы сақталып, кеңінен таралуына шешуші ықпал еткен де Ясауидің тұлғасына тән тылсымдық пен рухани қуаты болды. Бұл ықпал түркілердің Анадолы мен Румелидегі рухани тәжірибелерінде де айқын сезілді. Ясауидің сопылық дүниетанымы түркі халықтарының онтологиялық еркіндікке ұмтылысымен сабақтасып, ол еркіндік тілде, білім беру жүйесінде және әлеуметтік мінез-құлық үлгілерінде этика мен эстетика тұрғысынан жүзеге асты. Арифтердің түсіндіруінше, адам тек ізденіске бет бұрғанда ғана шынайы еркіндікке жетеді. Осы жолды дін мен тіл арқылы іздеген түркі тайпалары ақиқат тілінің мәнін Түркістан пірі Қожа Ахмет Ясауиден тапты. Ақиқат пен тылсымдық арасындағы осы рухани байланыс Ясауидің алғашқы шәкірттері арқылы түркі дүниесіне кеңінен таралды. Түркі әдебиетінің дамуында да Ясауи жолындағы дәруіштердің рөлі ерекше болды, олар Пир-и Түркістанның (Түркістан аймағының пірі) хикметтерін, өсиеттері мен ілімін Анадолыға жеткізді. Діни құлшыныс пен қаһармандық рухтың бірлігінен туындаған, дәруіштердің ықпалымен қалыптасқан «Алп Ерен» мәдениеті Анадолыдағы даналық дәстүрдің берік іргетасын қалады (Көргүлү, 2014, 172-б.).

Анадолы дәруіштері өз тілінің мүмкіндіктерін толық игере отырып, Юнус Емре шығармашылығы арқылы Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімінің негізін құрайтын түркі тілін сопылық әдебиеттің тіліне айналдырды. Қожа Ахмет Ясауи «Хикметтерінде» Аллаға деген сүйіспеншілікті, адамға қызмет етудің маңызын, еңбектің құндылығын, әйелге құрмет көрсетуді және адамгершілік қағидаларын түркі тілінде бейнелеп, исламды халыққа тікелей әрі түсінікті жеткізді. Осы тұрғыдан ол тек ариф (жүрек тазалығы, рухани тәжірибе және ішкі таным арқылы Алланы таныған) және ақын ғана емес, сонымен қатар рухани тәлімгер болды. Түркі дүниесінің алғашқы ұлы сопы ақыны

саналатын Қожа Ахмет Ясауи Юнус Емре секілді дәруіштік поэзия өкілдеріне жол ашты. Ясауидің даналық сөздері мен хикметтері, дәруіштері арқылы таралған өлең жолдары қарапайымдылық пен терең діни түсінікті қатар жеткізеді. Оның ғашықтарға арналған жырларының бірінде былай делінеді: *«Тәубе еткен ғашықтар Оның даңқын ұлықтайды, Күндіз-түні ораза тұтса, жүрегі нұрланады. Өмірден өтіп қабірге барса, кеңдігімен қарсы алады, Раббым – Ұлы, Ол – Рахымды, Ол – Мейірімді»* (Үесеви, 1993, 87-б.).

Өзінің қарапайымдылығы мен шынайылығымен ерекшеленген Қожа Ахмет Ясауи түркі сопылық дәстүрдің алғашқы отын жағып, дәруіштерімен бірге түркі дүниесінің кең аумағында ұмытылмас рухани із қалдырды. Ясауи үшін жер мен көк арасындағы үйлесімділік адаммен жүзеге асады және бұл үйлесім мәңгілік сипатқа ие. Бұл идея кейіннен Мәулананың мистикалық ілімінде бай әрі әсерлі түрде жалғасын тапты. Осы тұрғыдан алғанда, Қожа Ахмет Ясауидің іліміндегі алғашқы рухани шам Мәулананың музыка мен зікір дәстүрінде сабақтастық тапқанын байқауға болады. Мәулана музыкаға адам жанының Алламен ең алғашқы рухани уәдесін еске түсіретін, көктегі әуендердің жаңғырығы сияқты нәрсе деп қараған.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінің өзегінде махаббат түсінігі ерекше орын алады. Ал бұл ұстаным Мәулананың дүниетанымына да негіз болғанын айтуға болады. Махаббаттың түпкі нәтижесі – Жаратушымен қайта қауышу ретінде түсіндірілгенімен, бұл үдеріс мәңгілік сапар түрінде сипатталады. Ғашық адам бұл сапарда сүйіктісін іздей жүріп, ақыры оны өз жүрегінен табады. Бұл – бастау мен аяқталуы бар шеңбер іспетті рухани модель. Мәулана бұл жайында былай дейді: *«Жаныңда бір жан бар, сол жанды ізде, Тәннің тауында асыл бар, сол асылды ізде. Ей, сапардағы сопы, бара алсаң ізде, Бірақ іздегеніңді сырттан емес, ішіңнен ізде»* (Mevlânâ, 2017, 38-б.).

Ал Ясауидің «Диуани хикметінде» махаббат туралы мынадай жолдар бар: *«Ей, хабарсыз, ғашықтардан сөз сұрама, Бәле сұрама, махаббат дертіне ем сұрама»* (Үесеви, 1993, 126-б.).

Осыдан байқалатыны, Қожа Ахмет Ясауидің сопылық қағидалары аясында түркі дүниесінің таным космологиясы, ғаламдық қиял мен сопылық ұстанымдар өзара сабақтасып, Мәулананың сопылық философиясының қалыптасуына негіз болған (Güner, 2017, 36-б.).

Қожа Ахмет Ясауи мен Мәулананың дүниетанымындағы негізгі ортақ тұс – олардың пайғамбарлық жолға берік ұстанымдары. Бұл

ілімдерде пайғамбардың рухани мұрасы адамзат үшін ең биік үлгі әрі кемелдікке жетудің жолы ретінде қарастырылады. Мәулана өз «Диуани Кәбир» еңбегінде жиі сілтеме жасайтын хадистердің бірі — «Ләуләкә ләуләк...» («Егер сен болмасаң, ғаламды жаратпас едім») қағидасы. Бұл ой пайғамбардың бүкіл болмыстың мәні мен жаратылыс себебі ретіндегі орнына ишара етеді.

Қожа Ахмет Ясауи де «Диуани хикметінде» пайғамбарға деген сүйіспеншілікті адамның рухани кемелденуінің басты өзегі ретінде көрсетеді. Оның ілімінде пайғамбарды сүю – Жаратушыға деген сүйіспеншілікке жетудің жолы, ал пайғамбарлық жолға еру – шынайы сопылықтың шарты болып табылады. Мәулана үшін де пайғамбардың рухани бейнесі – ғашықтық пен хақиқатқа жетелейтін жетекші шам.

Осы тұрғыдан алғанда, Ясауи мен Мәулананың сопылық ілімдері арасында тікелей рухани сабақтастық бар. Екеуінің еңбектерінде пайғамбарға махаббат – тек жеке адамның рухани тәжірибесін байытатын сезім ғана емес, сонымен қатар қоғамды біріктіретін, адамдарды ізгілік пен әділетке шақыратын құндылық ретінде көрініс табады.

Жоғарыдағы хадис қасиетті кітапқа қатысты: *«Тәні мен жаны жоқ адам – дәруіш. Ол жер мен көктен де биік дәруіш. Алла Тағала бұл дүниені жаратуды мақсат еткен жоқ. Алланың бұл дүниені жаратқандағы мақсаты – дәруіш. Яғни, дәруіш болмағанда, Аллаһ дүниені жаратпас еді».* (Mevlânâ, 2017, 98-б.).

Көріп отырғанымыздай, Мәулананың түсінігінде сопылық жолдың басты үлгісі – Пайғамбар Мұхаммед (с.а.у.). Ол өзінің «Диуани Кәбирінде» пайғамбарлық жолды сопылық ілімнің өзегіне орналастыра отырып, бүкіл ілімнің осін пайғамбар мен Алланы сүю ұғымына негіздейді. Бұл тұрғыдан алғанда, «Диуани Кәбир» Ахмет Ясауидің «Диуани хикметімен» мазмұндық үндестікке ие. Уақыт өте келе аталған ілімдер зікір мен сама дәстүрінде, музыка мен рухани ортадағы қолданылуында, сондай-ақ әлеуметтік мінез-құлық пен сопылық дүниетанымның практикасына айналды. Басқаша айтқанда, «Диуани Кәбир» сопылық дәстүрінің нұсқаулығы қызметін атқарады және ол сүйіспеншілікпен өмір сүру, рухани жану арқылы ғана жүзеге асады.

Ахмет Ясауи өз кезеңінде түркілердің рухани дәстүрін қалыптастырса, Мәулана Анадолы аймағында ұқсас тарихи жағдайда сопылық дүниетанымды дамытты. Моңғол шапқыншылығы нәтижесінде әлсіреген Анадолы селжұқтары мемлекетінің ыдырау кезеңінде халық ауыр рухани дағдарысты бастан өткеріп, дәруіштік

орталарды тірек ретінде қабылдады. Мәулананың Конияға алғаш келген кезеңінде түрлі қиындықтарға кезіккені байқалады. Дегенмен уақыт өте келе жергілікті қауым оның ілімімен танысып, «Мәснәуидегі» идеяларды меңгеру барысында оның шешендігі мен рухани тереңдігін бағалады. Мәулананың қолданған тілі кең әлеуметтік ортаны қамтып, халықтың оны өз рухани тәжірибесінің бір бөлігі ретінде қабылдауына ықпал етті.

Мәулана қолданған тіл өзінің табиғатында этикалық және эстетикалық сипатқа ие болды. Ол Ислам пайғамбарының сөзіндегі, күйдегі және өмір салтындағы адамгершілігіне ерекше назар аударып, осыны сопылық ілімнің өзегіне айналдырды. Бұл бағыт «Мәснәуиде» толық көрініс тауып, біртұтас жүйе ретінде қалыптасты. Анадолыда жазылған алғашқы түркі тіліндегі шығармаларда «Мәснәуидің» этикалық әрі эстетикалық ықпалы айрықша байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, «Диуани Кәбир» мен «Мәснәуиді» негізге ала отырып, Мәулананың жеке тұлғаны рухани азат ету жолында қолданған тілі, ілімі мен мінез-құлқын Анадолы сопылық дәстүрінің іргелі ілімі ретінде қарастыруға болады. Мәулананың бұл этикалық-эстетикалық сопылық әдістемені өз ой өрнегінде жүйелі түрде қолданғаны да айқын байқалады (Köprülü, 2014, 320-б.).

Моңғол шапқыншылығы, Византия ықпалы және ішкі діни-саяси секталардың әсері тұсында Анадолы селжұқтарының әдеби тілі көпқабатты сипатта болды. Бұл кезеңде әдебиет пен мәдениетте араб және парсы тілдерімен қатар, грек тілі де қолданылды. Осындай күрделі жағдайда Мәулананың рухани қалыптасуы Анадолы үшін жаңа кезеңнің басталуына негіз қалады. Ахмет Ясауидің дәстүрінде байқалатындай, Мәулананың да ілімінде өзіндік ерекше бағыт айқындалды. Ол өз заманының көптеген сопыларынан айырмашылығы – қалыптасқан таптаурынды терминологиялық көзқарастарды қабылдамады және кейіннен енгізілген бірқатар мистикалық ұғымдарды қолданудан саналы түрде бас тартты. Мәулана үшін сопылық – өзін дүниенің орталығы ретінде көру емес, қайта, бірлік қуанышын халықпен бөлісу, қоғамға кеңінен тарату, адамдарды бауырына басу арқылы рухани жетекшілік ету болды.

Алланың, Әлемнің және Махаббаттың үштұтастығында Мәулана өз жолынан шыққан Мәуләуи жолымен бір бүтін болып, Ахмет Ясауидегідей таухидті көздеген. Мәуланада болмыстың бірлігіне сену моральдық бағытқа айналады және Мәулана философияны тек ақыл мен парасатқа негізделгендіктен қабылдамайды. Мәулана махаббат метафизикасына сеніп, таным космологиясына тек махаббат арқылы

жетуге болатынын дәлелдейді. Сәмә-и шерифтердің де негізгі ұраны болып табылатын бұл сенім аспанда Аллаға жетуді білдіреді. Профессор, доктор, Кемал Өкенің пікірінше, «Сәмә – Мәулананың сопылық көзқарасының мәні, лақап аты және сыры. Бұл жандандыру, өмір сүру және символдар арқылы көрсету. Басқаша айтқанда, сәмә – Хазрет Пірдің сопылық ілімінің мағыналық термині» (Өке, 2016, 215-б.). Мәулананың сопылық доктринасы бойынша, сәмәсіз әрі *Диуани Кәбирді* оқымай, бұл жолға толыққанды ену мүмкін емес. Өзге сөзбен айтқанда, Мәуләуи жолы табанды күш-жігерді талап етеді. Мұндай талпыныс адамның жанын тәрбиелеуді, нәпсілік мінез-құлық пен қалыптасқан әдеттерден барынша арылуды қажет етеді. Мәулана бұл қағиданы былайша тұжырымдайды: «Ерлік – нәпсі бар кезде өз-өзіңді билей білу. Жау болмайынша, соғысу мүмкін емес» (Mevlânâ, 2017, 44-б.).

Көріп отырғанымыздай, Мәулананың сопылық ілімінде дүние түбегейлі жоққа шығарылмайды. Керісінше, сопылықтың өмірді динамикалық тұрғыдан ілгерілетудегі реттеуші рөлі ерекше атап өтіледі. Осы дүниетанымының негізінде ол еңбекті адамның басты парызы деп түсінеді. Мәулана тікелей әрекетсіздікке немесе еңбек етпей өмір сүруге қарсы болған. Сондықтан оның сопылық түсінігінде еңбекқорлық пен белсенділік айрықша маңызға ие. Бұл қағидат Мевлеви дәруіштерінің өмір салтында да көрініс тапты: олар дәстүрлі түрде қарапайым өмір сүріп қана қоймай, еңбекті рухани тәрбиенің маңызды бөлігі ретінде қабылдады. Мәулананың пікірінше, оның ілімінің сырын табанды күш жұмсап, соған шынайы лайық болғандар ғана түсіне алады (Өке, 2016, 185-б.).

Қожа Ахмет Ясауи мен Мәулананың өмірбаянын отбасы және өскен ортасы тұрғысынан салыстырғанда, олардың екеуі де текті әрі беделді әулеттен шыққаны байқалады. Ахмет Ясауидің әкесі Ибраһим ата діндар, өз дәуірінде танымал ғұлама болса, Мәулананың әкесі Бахаеддин Валад Хорасанда белгілі мәзһаб шейхы болған. Осы ұқсастық олардың рухани қалыптасуына ықпал етті. Жастайынан алған діни тәлім-тәрбие олардың кейінгі сопылық жолға түсуіне негіз қалады. Сондай-ақ екеуінің де жас кезеңінде туған қаласынан кетуге мәжбүр болуы ортақ тағдырлық ерекшелік болып табылады. Ясауи Ясыға (Түркістан) қоныстанса, Мәулана әкесінің ықпалымен алдымен Нишапур мен Бағдатқа, кейіннен Анадолыға көшіп барды.

Олардың ұстаздары мен білім сапарларына тоқталсақ, Ясауи алғашқы діни білімін Сайрамда Бахаеддин Исфиджаби есімді ғұламадан алғаны айтылады. Бұл білім негізінде ол кейіннен Жүсіп

Хамадани сияқты атакты шейхтардың рухани шеңберіне қосылды. Мәулана да жасынан әкесі Бахаеддин Валадтың ықпалымен білім алып, Нишапурда Фарид ад-Дин Аттар сынды сопылардың ықпалында болды. Алайда оның бұл адамнан қандай білім алғаны туралы мәлімет жоқ. Кейіннен Шам мен Бағдаттағы медреселерде білімін жетілдіріп, ақырында Кониядағы сопылық мектебін қалыптастырды (Kenjetau, 2018, 11-б.).

Көріп отырғанымыздай, Қожа Ахмет Ясауи де, Мәулана да шарифат ілімінде де, рухани тәжірибеде де терең білім алған тұлғалар. Екеуі де білім жолында саяхат жасап, өз дәуірінің атакты ғұламалары мен сопыларымен кездесіп, олардың ықпалында болды. Осы деректердің негізінде Ясауи мен Мәулананың ұстаздық тізбегінде өзара байланыс бар екенін көруге болады.

Мәселен, Ахмет Ясауидің рухани ұстазы Жүсіп Хамадани Бағдат, Исфахан және Самарқандта білім алып, Имам әл-Ғазалидің ұстазы болған Әбу Али Фармадиден тәлім алған. Кейін Бұхарада Ахмет Ясауимен байланысып, оған Түркістандағы халифалық міндетін жүктеген (Темирханов, Муталиев & Каракулак, 2026, 41-б.). Бұл жағдай Ясауидің жалпы исламдық сопылық ойдың негізгі арнасымен тікелей сабақтастығын көрсетеді.

Мәулананың қалыптасуында әкесі Бахаеддин Валад пен оның шәкірті Бурханеддин Мұхаккиктің орны айрықша. Бұл желі арқылы Мәулананың рухани тізбегі Нәжмеддин Кубраға, ал одан әрі Ахмет әл-Ғазалиге барып тіреледі. Сондай-ақ, Қожа Ахмет Ясауиді «Пір-и Түркістан» деп атап, еңбектерінде оған сілтеме жасаған Фарид ад-Дин Аттардың ықпалы Мәуланаға да жеткен. Аттар өз кезегінде Ясауидің ұстазы Жүсіп Хамадиді «ғасыр имамы» деп дәріптеген.

Сонымен қатар кейбір деректерде Аттарға да, Мәуланаға да Жүсіп Хамадидің шәкірті болған Санай ақынның әсер еткені айтылып, бұл ортақ рухани ықпалға назар аударады. Тіпті Ахмет Ясауи мен Мәулананың Нәжмеддин Кубра желісі арқылы байланысқанын айтатын деректер де бар.

Осылайша, Ахмет Ясауи мен Мәулананың өмір жолдары мен рухани мұраларының арасында тікелей сабақтастықтар мен параллельдер бар екенін көреміз.

Ахмет Ясауи мен Мәулананың өмір жолына назар аударсақ, олардың екеуі де сопылық дәстүрді ұстанған отбасында дүниеге келгенін көреміз. Жастайынан діни білім алып, шарифат ілімдерін меңгерумен қатар, сопылық ілімге де ерекше көңіл бөліп, осы жолды

өмірлік бағыт ретінде таңдаған (Абжалов & Темірханов, 2023: 36-б.). Олардың тұлғалық қалыптасуында отбасы тәрбиесімен қатар, ерте алған діни-сопылық білімнің ықпалы айқын байқалады.

Ясауи де, Мәулана да көзі тірісінде кең аймақтағы замандастарына ықпал етіп, дүниеден өткеннен кейін де өз тариқаттарының дәстүрі арқылы, сондай-ақ олардың есімдері төңірегінде туған әдеби шығармалар мен ауызша мәдени мұралар арқылы халық жадында сақталды. Бұл жағдай олардың тек белгілі бір өңірмен шектелмей, бүкіл мұсылмандық кеңістікте ықпалды тұлға болғанын дәлелдейді.

Осылайша, өмір сүрген уақыты мен географиялық ортасы әртүрлі болғанымен, Қожа Ахмет Ясауи мен Мәулананың рухани ілімі мен сопылық тәжірибесі бір арнаға тоғысып, ортақ мақсатқа қызмет еткені аңғарылады (Karamustafa, 2017, 12-б.).

Екі дәруіштің сопылық көз-қарастарына келетін болсақ, Ахмет Ясауи иманның негізгі қағидаларын күрделіліктен алып тастап, халықтың түсінігі мен даналығына қарай жеңілдетіп, түркілер арасында Исламды таратуда және бұл дінге деген терең сүйіспеншілікті арттыруда маңызды рөл атқарды. Мәулана да исламды түрік рухына бейімдеген ұлы жаңашыл тұлға болды. Ахмет Ясауи хикметінде айтқанындай, парсы тілін білсе де, аят-хадистің түрікше мағынасын беруді жөн көрді, ал Диуани Хикметтің тілі түрікше. Екінші жағынан, Мәулана дәстүрді ұстана отырып, өзінің мәснәуиін және басқа да шығармаларын парсы тілінде шырқайды, бірақ оның түрік тілінде айтқан рубаилары да бар. Сонымен қатар, парсы тілінде сопылық және тариқат туралы жазылған екі шағын еңбектің Ясауиге қатысты екені белгілі.

Қожа Ахмет Ясауи мен Мәулана өз еңбектерінде адам мәселесін кең тұрғыдан қарастырған. Олар бірде қоғамды мақтап, бірде сынай отырып, адамның кемелдену жолын сипаттаған. Екі ойшыл да адам еркіндігі мен рухани құтқарылуының негізгі шарттарын көрсетіп, өзіндік рухани «жетілу картасын» ұсынды.

Қожа Ахмет Ясауи ілімі сопылық негізге сүйенеді. Оның ойынша, сопылықтың мәні – «таухид дәмін тату», яғни Құдай бірлігін тану және оған жету жолында рухты тәрбиелеу. Ясауи ілімінің басты тақырыбы – адам, ал оның мақсаты – адамның жүрегін тазартып, рухани жағын жаттықтыру, кемелдік дәрежесіне жеткізу. Бұл тұрғыдан алғанда, Ясауи ілімі адамның өзін-өзі сынауына және өзін-өзі тануына бағытталған (Saifunov & Sambetov, 2023, 290-б.).

Ахмет Ясауи адамды жетілдіру жолын төрт қағидаға негіздеді. Бұл қағидалар «төрт есік» (шариғат, тариқат, мағрифат, ақиқат) ретінде белгілі. Бірінші саты – шариғат, яғни діннің сыртқы міндеттері мен қағидаларын орындау. Екінші саты – тариқат, яғни сопылық тәрбие мен жолға түсу. Үшінші саты – мағрифат, яғни таным және рухани білімге қол жеткізу. Соңғысы – ақиқат, ең жоғарғы дәрежедегі рухани кемелдік. Әрбір саты он шарттан (он есіктен, кей деректер бойынша қырық есік немесе мақамнан) тұрады және адам осы сатыларды біртіндеп өту арқылы рухани кемелдікке жетеді.

Осылайша, Ясауи көзқарасында адамның жетілуі – тәрбиеге, ізгілікке, жүрек тазалығы мен рухани тәжірибеге негізделген процесс.

Мәулана да өзінің сопылық ілімінде адамды негізгі орынға қояды. Оның ойынша, адам – аса құнды қазына, алайда ол көбіне өз қадірін бағаламай, өзін арзанға сатады. Мәулана адамның рухани болмысын бейнелеуде символикалық мысалдарға жүгінеді. Мәселен, «Үндістандағы тотықұстардың сәлемдесуі» жайлы баяндау арқылы ол адамның тән мен жан торына түсу мәселесін түсіндіреді.

Мәулана өзінің «Мәснауи» шығармасында адамға тән қасиеттерді жетілдірудің жолдарын көрсетеді. Ол кемел тұлғаны қалыптастыруда адалдық, еңбекқорлық, кішіпейілділік, төзімділік және жамандықтан арылу сияқты қасиеттердің маңызын атап өтеді. Оның ойынша, шынайы адам – өзімен, Жаратушысымен және сыртқы дүниемен үйлесімде өмір сүретін тұлға.

«Мәснауиде» келтірілген оқиғалар мен мысалдар адамдардың өмірде кездесетін алуан түрлі қиындықтардан сақтандыруға, сонымен бірге олардың шынайы болмысын танытуға бағытталған. Мәулана күнәһар немесе кәпір деп бөлмей, барша адамға кең пейілмен, мейіріммен қарады. Ол адамды Құдайдың әртүрлі сипаттарының көрінісі ретінде қабылдап, адамзат баласының рухани әлеуетін жоғары бағалады (Sebecioğlu, 2009, 149-б.).

Екі ойшылдың әйелдерге деген көзқарастарында да ұқсастықтар байқалады. Ахмет Ясауи ерлер мен әйелдердің бірге зікір мәжілістеріне қатысуына рұқсат еткендігі жөнінде деректер бар. Алайда Х. Биже бұл мәселеге байланысты Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметі» мен ясауийә дәруіштерінің бірі Хазинидің «Дәуәхир ул-әбрар мин әмуәж-и бихар» еңбегіне сүйене отырып, ерлер мен әйелдердің бірге зікір салуы шариғатқа қайшы екенін алға тартады.

Мәуланаға қатысты да әйелдердің оның ілімі мен рухани ортасында маңызды орын алғаны белгілі. Кейбір деректерде жұма күні

кешкі уақытта әйелдердің қатысуымен өткен мәжілістерде әңгіме-кеңес басталып, оның таң намазына дейін жалғасатын сәмә рәсіміне ұласқаны айтылады. Сонымен бірге «Мәснауиде» Мәулананың жынысқа байланысты кемсітушілікті жоққа шығарып, үлгілі адам болу үшін рухани және адамгершілік қасиеттердің бәрінен жоғары тұратынын ерекше атап өткенін көруге болады. (Сап, 2017, 379-б.).

Қожа Ахмет Ясауи тұрмысын ағаш қасық, шелпек, тостаған сияқты бұйымдарды жасап, оюлап, сатып күн көру арқылы қамтамасыз еткендігі белгілі. Ол өзіне ерген Хорасан әулиелеріне де еңбек етіп, адал кәсіппен шұғылдануды үлгі еткен. Ясауидің осы ұстанымы сопылық жолда өнім өндіру мен тұтынуды еңбекке негіздеудің маңызын көрсетеді.

Мәулана да еңбектің рухани тәрбиесіндегі орнын ерекше атап өткен. Оның «Мәснауидегі» «Аңдардың арыстанға сеніп, өз еңбегін доғартқаны» жайлы хикаясы адамның өз күнкөрісін еңбектен іздеуі керектігін бейнелейді. Осы принцип Мәуләуи дәстүрінде де көрініс тапты: тарихта олар тек рухани орталық қана емес, өнер мен кәсіптің дамуына жол ашқан ошақ болды. Мың бір күндік сынақтан өтуші дәруіштердің кейбірі музыка мен каллиграфиядан білім алса, басқалары ағаш ұсталығы, сағат жасау секілді колөнер түрлерін үйренді.

Қожа Ахмет Ясауи ілімі Орталық Азиядағы өркениеттер арасындағы татулық пен өзара сыйластықтың, төзімділік пен мұсылмандар мен өзге дін өкілдеріне сүйіспеншілікпен қараудың қайнар көзі болды. Мәулана да осындай ұстанымымен ерекшеленді: ол дүние салғанда жаназасына әртүрлі дін өкілдері қатысып, тіпті кейбіреулері «дінімізді Мәулананың арқасында таныдық» деген пікір білдірген (Saifunov, Tolegenov & Zhanykulov, 2025, 277-б.).

Ясауи мен Мәулананың еңбектеріндегі негізгі дерек көзі – Құран. Дегенмен олардың ықпал ету аясы әртүрлі болды: Мәулананың сөздері халықаралық деңгейде түрлі дін өкілдері арасында кеңінен таралса, Ахмет Ясауиді түркі әлемінің ұлттық ортасы көбірек қабылдады. Соған қарамастан, екеуі де Құран мен Ислам дінінің негіздерін басты тірек етіп, өз ілімдерін соған сүйендірді.

Қожа Ахмет Ясауи – әһлі сүннеттің ханафи мәзһабында тәрбиеленген Юсуф Хамаданидің ықпалында болған тұлға. Юсуф Хамадани Пайғамбар (с.а.у.) мен сахабалардың жолын берік ұстанғаны белгілі. Сондықтан Ясауидің хикметтерінде шарифат үкімдеріне беріктік, Пайғамбар сүннетін қастерлеу және ислам ақидасына қайшы

келмейтін тұжырымдар айқын көрінеді. Ол діни міндеттерді орындаудағы жауапкершілікті ерекше атап көрсеткен.

Түркілердің Исламды қабылдауын тек Ясауимен байланыстыру толық бола қоймайды, өйткені одан бұрын да түркі даласында Исламды таратқан ғалымдар мен әулиелер болғаны тарихтан белгілі. Алайда Исламның таралуын жеделдетуде Ахмет Ясауидің ықпалы зор болғаны сөзсіз. Сондықтан екі ойшылдың да дүниетанымын дұрыс түсініп, тану маңызды. Мұндай талдауды нақты деректер мен дәлелдерге сүйене отырып жүргізу қажет.

